



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Құлыншақ» кіші тобы


Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10-15 см) шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, аяқ-аяқтарды табу және көрсету. Өзі дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (кол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) білдіретін сөздерді түсіну.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдау.
	Сенсорика/ Математика негіздері	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2-3 сәулелі түратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сәулелерді, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сәулелерді белгілі реттілікпен жаюу.

Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау).
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру.
Музыка	Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай).

Тәрбиеші: 

Әдіскер: 

Бекітемін
ЖШС «Нұр-Әли» б/б
менгерушісі *Г.Тулкыбаева*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	Еңбектеу, өрмелеу. Арканның (биіктігі 50 см), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандан еңбектеп өту, 2 м қалыңдыққа дейін бөренеден ағтап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр).
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну Тұрмыстық және ойын әрекеттері (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқытуына мән беру.
	Сенсорика/ Математика негіздері	Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу-жабу, өткізу-шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сумен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау).

Мүсіндеу	Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Көңілді және бағу музыкамен таныстыру. Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты тоғылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету.

Тәрбиеші:

Өдіскер:

Бекітемін

ЖШС «Нұр-Әли» б/б

менгерушісі *Г.Тулкибаева* Г.Тулкибаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы 1-2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты (диаметрі 6-8 см) төменге, қашықтыққа лақтыру.
	Сөйлеуді дамыту	Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету. Белсенді сөйлеуді дамыту Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана) білдіретін сөздермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарауға баулу.
	Сенсорика/ Математика негіздері	Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету. Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың

	дауыстарын (қозы-мээ, бұзау-мөөө, мысық-мяу, ит-абаб) салу.
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыру.

Тәрбиеші: *Жаңа*

Әдіскер: *Жаңа*

Бекітемін

ЖШС «Нұр-Әли» б/б

менгерушісі  Г.Тулкибаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Құлыншак» кіші тобы

Балалардың жасы 1-2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Дене шынықтыру	Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жуу, 1 жас 1ай - 1 жас 3 айда қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, ал 1 жас 6 айда – сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ітінпат білдіру. Балаларды шынықтыруды ауа, су шараларымен, серуен кезінде ультракүлгін сәулелердің әсерлерімен жүзеге асыру, 2-3 минут бойы жылы құмның үстінде жалаң аяқ жүргізу, ауа ванналарын күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолдану (ауа ванналарының ұзақтығын 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзарту).
	Сөйлеуді дамыту	Белсенді сөйлеуді дамыту Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт және т.б.), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар және т.б.) білдіретін сөздермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау.

Сенсорика/ Математика негіздері	Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға жақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ата – анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы, әжесі, атасы) тану, қоршаған кеңістікті (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аула-балалар алаңы) бағдарлау, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттарды тану.
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін аласан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таным музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету.

Тәрбиеші:

Әдіскер:

Бекітемін
ЖШС «Нұр-Әли» б/б
менгерушісі



Г.Тулкибаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Құлыншак» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Дене шынықтыру	Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15-20 см жоғары қойылған тақтайдан үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5-2 метр), текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүру; құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. Еденнен 12-18 см жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап өту, 35-40 см жоғары қойылған арқанның астынан енбектеу, құрсаудан енбектеп өту (диаметрі 45 см). Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру.
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуды көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуды баулу.
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу.
	Сенсорика/ Математика негіздері	Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын

	ауыстыра білу, қазықшаларды ығнал құмға балғамен қағып кіргізе білу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына еліктеу, одан көмек сұрау) және құрдастарымен (әрекетін бақылау, ойып отырған құрдасының жанына бару, ойыншықтарын алмастыру, өзара келісім бойынша оларды тартып алмай, сұрап алу) өзара әрекет етуге баулу, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен, құммен, сумен ойнау).
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Музыка тыңдау Әнінің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.

Тәрбиеші:

Әдіскер:

Бекітемін
ЖІНС «Нұр-Әли» б/б
менгерушісі

Г.Тулкибаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұту және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру.
	Сөйлеуді дамыту	Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша тандау. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы манайдайды: мааа, бұзау моңірейді: мөөө, мысық мияулайды), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, біздейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау.
	Көркем әдебиет	Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысуға баулу, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. Үстел үсті, саусақ театрларын әзбетінше ойнату.
	Сенсорика/ Математика негіздері	Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру.

Қоршаған ортамен таныстыру	Сәлемдесу, ересек адамның сәлеміне жауап беру, алғыс айту. Құрдастары мен айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап беру (күлімсіреу – қуанып, жылау – ренім). Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Ән айту Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық миыулайды, ара ызыңдайды және т.б.). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).

Тәрбиеші:

Әдіскер:

Бекітемін
ЖШС «Нұр-Әли» б/б
менгерушісі Г.Тулкибаева



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әли» б/б

Топ «Кұлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022- 2023 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Дене шынықтыру	Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып мұрнын сүрту және қайта салу.
	Сөйлеуді дамыту	Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемі (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну.
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу.
	Сенсорика/ Математика негіздері	Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспаптық металл таяқшалар, пізылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өзбетінше ойнауға мүмкіндік беру.

Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас және т.б.) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау және т.б.). Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар және т. б.). қалыптастыру.	
Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.	
Музыка	Музыкалық ырғақты-қимылдар Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.	

Тәрбиеші:

Әдіскер:

Бекітемін
ЖШС «Нұр-Әлі» б/б
менгерушісі Г.Тулкибаева



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әлі» б/б

Топ «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022- 2023 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Дене шынықтыру	Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторлармен (ауа, күн, су) пайдаланып, жүргізу. Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау. Балаларға топта жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-мешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру, жылдың жылы мезгілінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету. Серуенде жылы құмның үстімен жалаң аяқ 2-3 минут жүргізу (алдын ала оның тазалығы мен қауіпсіздігіне көз жеткізу).
	Сөйлеуді дамыту	Белсенді сөз Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (баба-бота, мааа-козы, мөөө-бұзау, мәээ-лақ, мыу-мысық, абаб- ит), туыстық атауларды (аға, ана, тәте, көке және т.б.), төрт түліктің (ат, тай, бота және т.б.), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шай, май, сүт, көже және т.б.) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат өсімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну және т.б.), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу және т.б.) әрекеттерін

	білдіретін, карама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-жолу, алу-салу және т.б.) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру.
Көркем әдебиет	Кітаптардағы суреттерді өзбетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты ояту.
Сенсорика/ Математика негіздері	Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоныраулар, аспалы металл таяқшалар, шикылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түспен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату. Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өзбетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Көгіністер (қызанақ, қияр, сәбіз және т.б.) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік және т.б.) сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын және т.б.), құстарға (тауық, үйрек, қаз және т.б.) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау.
Мүсіндеу	Ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалатуға үйрету. Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша алынған пішіндерді құрастыра білуге дағдыландыру.
Музыка	Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Қонырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау.

Тәрбиеші:

Әдіскер:

Бекіткен
ЖШС «Нұр-Әлі» б/б
менгерушісі



Г.Тулкибаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Нұр-Әлі» б/б

Топ «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Дене шынықтыру	Жаз мезгілінде серуеннен кейін жуыну және аяқты жуу кезінде гигиеналық және шынықтыру шараларын үйлестіру, әр баланың денсаулық жағдайын және оның судың әсеріне бейімделу деңгейін ескеру. Арнайы шынықтыру шараларын ата-аналардың қалауымен, мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен медициналық қызметкерлері шешімімен жүргізу. Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту	Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әлеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту, және т. б.) Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауыспалы айтқан талаптарын орындау. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. Өткенді қайталау.

Көркем әдебиет	Кітаптардағы суреттерді өзбетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге, мәнерлен сөйлеуге қызығушылықты ояту. Өткенді қайталау.
Сенсорика/ Математика негіздері	Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып кіргізе білу. Өткенді қайталау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау, үркітпеу; өсімдіктерді ауызға салмау және т.б.). Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Заттық әлеммен және заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру. «Болады-болмайды», «қауіпті» деген түсініктермен таныстыру. Құммен және сумен ойындардағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы түсінік қалыптастыру (суды ішпеу, құмды ішінау және т.б.). Өткенді қайталау.
Мүсіндеу	Ермексазды, сазбаншықты алықан арасында домалатуға үйрету. Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша алынған пішіндерді құрастыра білуге дағдыландыру. Өткенді қайталау.
Музыка	Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. Өткенді қайталау.

Тәрбиеші:

Әдіскер: